

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Аудан. Шамалар

ЖАРИЯЛАНДЫ 13.05.2022	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/120690/
--------------------------	--

Бөлім:	Аудан. Шамалар	
Мұғалімнің аты-жөні	Муканова Лаура Талгатовна	
Күні:	15.12.2021ж	
Сынып: 3	Қатысушылар саны:16	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Көбейтудің үлестірімділік қасиеті	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.2.3** көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: көбейтудің үлестірімділік қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдана алады.</p> <p>Көптеген оқушылар: қосындыны санға көбейтуді бірнеше тәсілмен орындай алады.</p> <p>Кейбір оқушылар: тақырыпқа сай тапсырмалар құрастыра алады.</p>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 5 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында жаттығулар жасайды.</p> <p>Өткен білімді еске түсіру: Үйге берілген оқу тапсырмасын тексеру. 2,3-тапсырма 70-бет</p> <p>Жаңа тақырыпты ашу «Сұрақ-жауап» әдісімен өтеді: -Біз өткен сабақта қандай тапсырмалар орындадық? -Дөңгелек сандарды қалай көбейтіп, бөлеміз? Бір-бір мысал жазып, мәнін табыңдар. -Келтірген мысалдағы сандардың орнын ауыстырып көбейтіңдер. -Біз көбейтудің қандай заңы еді? -Иә, көбейтудің орын ауыстырымдылық заңы. -Ал бүгінгі сабағымызда көбейтудің үлестірімділік заңы үйренетін боламыз.</p>	<p>Ширату жаттығуын жасайды.</p> <p>Тапсырманы тексертеді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. -Тақырыпты ашады.</p>	<p>Оқу тапсырмасын орындаған, сұрақтарға жауап берген оқушыны «Ауызша мадақтау» әдісімен бағалау. Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.</p>	

